

## Жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу жөніндегі кейбір мәселелер туралы

### *Күшін жойған*

Жамбыл облыстық әкімінің 2006 жылғы 16 тамыздағы N 19 шешімі. Жамбыл облыстық Әділет департаментінде 2006 жылғы 22 тамызда N 1646 тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімінің 2008 жылғы 26 желтоқсандағы № 15 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімінің 2008.12.26 № 15 шешімімен.*

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 19 шілдедегі "Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы" N 689 қаулысына сәйкес **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Аудандар мен Тараз қаласының жергілікті атқарушы органдары:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 19 шілдедегі N 689 қаулысында белгіленген тәртібіне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген жылжымайтын мүлікті жария ету жөніндегі комиссияларды құрсын;

2) Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі "Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" N 157 Заңында белгіленген мерзім ішінде Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу жөніндегі комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс Әкімінің орынбасары М.Н. Байбековке жүктелсін.

*Облыс Әкімі*

Ж а м б ы л                      о б л ы с ы                      Ә к і м і н і ң  
2 0 0 6                      ж ы л ғ ы                      1 6                      т а м ы з д а ғ ы

№ 19 шешімімен бекітілген

**Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу жөніндегі комиссия туралы ереже**

## **1 . Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу жөніндегі комиссия (бұдан әрі-комиссия) аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының жанынан құрылатын, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген жылжымайтын мүлікті жария ету туралы не жария етуден бас тарту туралы шешім шығаруға уәкілетті алқа органы болып табылады.

2. Комиссия өзінің қызметін "Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі Заңына (бұдан әрі - Заң), осы ережеге және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

3. Комиссия жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың, салық органдарының, сәулет және қала құрылысы органдарының, жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның, жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органдардың және Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдары мен ұйымдарының өкілдерінен құрылады.

4. Комиссияны төраға-тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің орынбасары басқарады. Комиссияның дербес құрамы жергілікті атқарушы органның шешімімен бекітіледі.

## **2 . Комиссияның міндеттері мен функциялары**

5. Комиссияның негізгі міндеті жылжымайтын мүлікті жария ету не жария етуден бас тарту туралы шешім қабылдау болып табылады.

6. Комиссияның функциялары:

1) Қазақстан Республикасының жылжымайтын мүлікті жария етуге өтініш жасаған азаматтары мен заңды тұлғаларының (бұдан әрі - жария ету субъектілері) өтініштерін уақтылы және сапалы қарауды қамтамасыз ету;

2) жария ету объектісі туралы мәліметтерді белгілеу;

3) құжаттардың мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынған мәліметтерге сәйкес келуін анықтау;

4) жария ету субъектісіне жылжымайтын мүлікті жария ету туралы шешімді

б е р у ;

5) жария ету объектісі туралы мәліметтерді Заңға 3-қосымшаға сәйкес нысанда жария етілген мүлік тізіліміне енгізу болып табылады.

### **3 . Комиссия жұмысының тәртібі**

7. Комиссия жылжымайтын мүлікті жария етуге өтініш жасаған жария ету субъектілерінің өтініштерін белгіленген тәртіппен тіркейді.

8. Жария ету мерзімі ішінде берілген жылжымайтын мүлікті жария ету туралы өтініш тиісті комиссияға өтініш берілген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс .

9. Заңның 6-бабында және 11-бабының 1-тармағында көзделген құжаттарды алғаннан кейін комиссия жылжымайтын мүлікті жария ету не жария етуден бас тарту туралы дәлелді шешім шығарады.

Шешімге комиссияның төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

10. Шешім әрбір жария ету объектісі бойынша жеке қабылданады.

11. Комиссияның хатшысы комиссия отырысының хаттамасын жүргізеді. Отырыстың хаттамасына хаттамада көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығына жауап беретін комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

12. Жергілікті атқарушы органдар мүлікті жария етуді жүргізу жөніндегі комиссияның жұмысын қамтамасыз етеді.

13. Жария етілген жылжымайтын мүлік туралы ақпарат жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органдарға ұсынылады.

### **4. Комиссияның құқықтары**

14. Комиссия өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша:

1) мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын жария етілетін жылжымайтын мүлік туралы қажетті ақпаратты сұратуға;

2) комиссияның құрамына кірмеген мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың өкілдерін тартуға;

3) жылжымайтын мүлікті жария етуге өтініш жасаған адамдардан түсініктеме алуға ;

4) жылжымайтын мүлікті жария етуге өтініш жасаған жария ету субъектілері мүлкінің тиесілігін анықтауға ;

5) жылжымайтын мүлікті жария ету не жария етуден бас тарту туралы шешім қабылдауға құқылы.

### **5. Комиссияның қызметін тоқтату**

15. Комиссия Заңда белгіленген мүлікті жария ету мерзімі аяқталғаннан кейін өз қызметін тоқтатады.

